

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 қаңтардағы № 47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 14844 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Б.Б. Бисенқұловқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (А.Х. Базылбеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 23 қаңтардағы
№ 47 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9729 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 8 қазанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасында:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жасақ бастығы сотталғандарға олардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс шарттарын түсіндіреді, заңнамалық актілерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді және осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес оларға бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандар арасында әлеуметтік-құқықтық оқыту бойынша сабақ өткізудің тақырыптық жоспары бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастырады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Мекеме әкімшілігі сотталғанның түзелуі мақсатында оның қоғамның толық құқылы мүшесі әлеуметтік мәртебесіне қалпына келуіне, тәртіптің жалпыға бірдей қабылданған нормалары (қайта әлеуметтендіру) мен құқық нормалары негізінде қоғамда өз бетінше өмір сүруіне оралуына көмектеседі.

Жаза мерзімін өтеуіне бір жыл қалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қайта әлеуметтендіруді пробация қызметі мекеме әкімшілігімен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында жүзеге асырады

Мекеме әкімшілігі бұл ретте сотталған адамға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделу үшін қажетті әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемі бойынша жеке бағдарлама жасайды, ол сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне жолданады.

Пробация қызметі мекеме әкімшілігімен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жеке бағдарламасын құрады және іске асырады.

Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жеке бағдарламасында:

1) пробация қызметі сотқа дейінгі пробация кезеңінде әзірлеген сотқа дейінгі баяндаманың деректерін (болған жағдайда);

2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болған кезеңіндегі сотталғанның мінез-құлқын сипаттайтын материалдарды;

3) босатуға дайындалатын адамдардың өтелген және (немесе) өтелмеген талап арыздары туралы мәліметтерді;

4) босатуға дайындалатын сотталғанның әлеуметтік байланыстары, оның денсаулық жағдайы, білім деңгейі, еңбек дағдылары, құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың құқықтық тетіктері туралы хабардарлығы туралы мәліметтерді, сондай-ақ әлеуметтік мінез-құлықты түзеу және сотталған адамның табысты әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті өзге де мәліметтерді;

5) босатуға дайындалатын сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған нақты іс-шараларды;

6) сотталғанға босатылғаннан кейін оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, оны тұрмыстық және жұмысқа орналастыру бойынша жоспарланған іс-шараларды қамтиды."

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Мекеме әкімшілігі бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталғанға дейін бір жылдан кешіктірмей, сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарын, ішкі істер органдарын және пробация қызметін оның алдағы уақытта босатылатыны, оның тұрғын үйінің бар-жоғы, оның еңбекке қабілеттілігі және алған мамандықтары туралы осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабардар етеді.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Жаза мерзімін өтеп болғаннан кейін адамның бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуына күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей, ал өзге де негіздер бойынша босатылған кезде босатылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде олардың таңдаған тұрғылықты жері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ішкі істер органдарына және пробация қызметтеріне осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес мекемеден босатылатын (босатылған) адам туралы хабарлама жолданады.

Адамдарды бас бостандығынан айыру орындарынан босату кезінде мекеме әкімшілігі бағыты мен есепке қою үшін ішкі істер органына және пробация қызметіне келу уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы нұсқама береді, сондай-ақ Пробация қызметіне оған мінездеме беретін материалдарды жолдайды.";

6-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандар арасында әлеуметтік-құқықтық оқыту өткізудің тақырыптық жоспары";

7-қосымшаның 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тәрбие іс-шараларына қатынасы. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге қатысы. Әлеуметтік-құқықтық оқуы жүйесінің сабақтарына қатынасы, материалды меңгеру дәрежесі, семинар сабақтарындағы белсенділігі. Мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шараларға қатысуы. Міндетті тәрбие іс-шараларына қатысуы.".

2. "Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9738 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2015 жылғы 26 ақпанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне, "Пробация туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық пробация қызметтері (бұдан әрі - Пробация қызметтері) сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайтын органдар болып табылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пробация қызметінің негізгі міндеттері:

1) қоғамдық жұмысқа және түзеу жұмыстарына тарту, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды орындау;

2) шартты түрде және тұрғылықты жері бойынша бас бостандығын шектеу жазасына сотталған адамдардың мінез-құлқына пробациялық бақылауды жүзеге асыру;

3) жазаны өтеу кейінге қалдырылған сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз тәрбиелейтін ер адамдардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру;

4) күдіктіге, айыпталушыға қатысты сотқа дейінгі баяндаманы дайындауды жүзеге асыру;

5) оларға қатысты сот пробациялық бақылау белгілеген адамдарға және сот әкімшілік қадағалау белгілеген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға, бас бостандығын айыру айыппұлмен ауыстырылғандарға, сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеп шыққандарға әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсету;

6) мемлекеттік наградалар мен оларға қоса берілген құжаттарды алып қою;

7) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

8) мынадай:

қоғамдық жұмыстардан қасақана жалтарған жағдайда қоғамдық жұмыстарға тартуды қамауға алумен ауыстыру;

қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамауға алумен, ал қылмыс үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда бас бостандығынан айырумен ауыстыру;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда бас бостандығын шектеудегі өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру;

қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталып, бақылаудан жасырынып жүрген және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау, оны тоқтату және бұлтартпау шарасын таңдау туралы;

бас бостандығын шектеуге және түзеу жұмыстарына сотталғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату;

шартты түрде соттаудың күшін жою немесе пробациялық бақылау мерзімін ұзарту;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жою;

қамауда ұсталған мерзімді есепке алу;

сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі біткеннен кейін не бала шетінеген жағдайда, не түсік тастаған жағдайда сотталған адамның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын, жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдерін ескере отырып, сотталған адамды жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен алмастыруға, не оны қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне жіберу;

кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің жариялануы салдарынан жазадан босату немесе жаза түрін жеңілдету;

қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес түзеу жұмыстарына тартуға сотталғандардың жалақысынан ұстап қалу мөлшерін азайту туралы мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабына сәйкес сотқа ұсыныс енгізеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аумақтық Пробация қызметтері:

1) сот үкімі келіп түскен күнінен бастап бір тәулік мерзімінде (демалыс және мейрам күндерін есептемегенде) қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларға, бас бостандығын шектеуге, жазаны өтеу кейінге қалдырылған

сотталған жүкті әйелдер және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз тәрбиелейтін ер адамдарды, шартты түрде сотталған адамдарды (бұдан әрі - сотталғандар) есепке қоюды жүзеге асырады;

2) ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ПО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша сотталған адамдарды тексеруді жүзеге асырады;

3) айына кемінде бір рет (ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде тоқсанына кемінде бір рет) тұрғылықты жері бойынша сотталғандармен профилактикалық жұмыс (құқық бұзушылықтар жасауға, жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу) жүргізеді;

4) тоқсан сайын сотталғандар туралы қойылған хабарламалар бойынша ҚСЖАЕК-нің аумақтық басқармаларымен салыстыру жұмысын жүргізеді, ол туралы осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға қатысты шығарылған хабарламалар және 1-нысандағы әліпбилік есепке алу карточкалары бойынша салыстыра тексеру актісін жасайды;

5) іздестірудегі адамдардың тізімі бойынша жедел-іздестіру бөліністерімен ай сайын салыстыру жүргізеді, ол туралы осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада іздестірудегі сотталған адамдар бойынша салыстыра тексеру актісін жасайды;

6) учаскелік полиция және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың хабардар болуын арттыру үшін Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың тізімін ай сайын әкімшілік полиция бөліністеріне жолдайды;

7) орналасқан жері белгісіз есепте тұрған адамдарды анықтау бойынша бастапқы іздестіру іс-шараларды жүргізеді;

8) сотталғандарды есептен шығарады;

9) құжаттармен мынадай операциялар:

кіріс және шығыс хат-хабар құжаттарын тіркеуді;

құжаттардың орындалуын бақылауды;

құжаттарды жедел сақтау мен пайдалануды;

құжаттарды ведомстволық мұрағатқа сақтауға жолдауды жүргізеді;

10) мөрлер мен мөртабандары болады, олар сейфтерде немесе мөрленетін жанбайтын металл шкафтарда сақталады.;"

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Пробация қызметі үкімді орындауға алған кезінде:

1) үкімнің (қаулының) көшірмесін қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, ал содан кейін сотталған адамның деректерін нөмірленіп, бауланып, мөр басылған сотталғандарды (қоғамдық жұмысқа, түзеу

жұмыстарына, бас бостандығын шектеуге, қандай да бір лауазымдарды атқару немесе қандай да бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, шартты түрде сотталған адамдарға; жазасын өтеу кейінге қалдырылған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің және жас балаларды жалғыз тәрбиелейтін ерлердің) және бас бостандығынан айыру орындарынан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандарды, сот әкімшілік қадағалау белгілеген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды, бас бостандығын айыру айыппұлмен ауыстырылғандарды, сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеп шыққандарды және сотқа дейінгі пробацияға жататын адамдарды есепке алу журналына осы Қағидаға 3-13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша енгізеді. Сотталған адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты басқа Пробация қызметтерінен және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен келген жеке және бақылау істерін де осындай тәртіппен тіркейді;

2) сотталғанды есепке қойған сәттен бастап екі жұмыс күн ішінде үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды;

3) сотталғанды есепке қойған сәттен бастап бір тәулік мерзімде осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік карточка толтырады, оны Пробация қызметінің тиісті картотекасына салады;

4) үкімнің көшірмесін тіркегеннен кейін қосымша:

қоғамдық жұмыстарға сотталғандарға - осы Қағидаға 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепке алу карточкасын (ол есепке алу картотекасына салынады) толтырады, жеке ісін және тіркеу парағын;

түзеу жұмыстарына сотталғандарға - осы Қағидаға 18, 19 және 20-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын, есепке алу карточкасын және жеке ісін;

бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталғандарға – осы Қағидаға 18, 21-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын және жеке ісін;

белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандарға - осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке ісін;

шартты түрде сотталғандарға – осы Қағидаға 18 және 23-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын, бақылау ісін;

жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге және жас балаларды жалғыз тәрбиелейтін ер адамдарға – осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау ісін;

бас бостандығынан айыру орындарынан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамдарға – осы Қағидаға 18 және 24-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын, жинақтау ісін;

сот әкімшілік қадағалау белгілеген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, бас бостандығын айыру айыппұлмен ауыстырылған, сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеп шыққан адамдарға – осы Қағидаға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жинақтау ісін;

сотқа дейінгі пробацацияға жататын адамдарға – осы Қағидаға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жинақтау ісін бастайды.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жеке, бақылау және жинақтау істері сейфтерде немесе мөрленетін жанбайтын металл шкафтарда сақталады.

9. Сотталған адамның жеке, бақылау және жинақтау істері екі бөлімнен тұрады:

бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын материалдар (үкім, ұйғарым, қаулы, заңды күшіне ену туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері, тіркеу парағы және істі зерделеу бойынша тексерушілердің белгілеулеріне арналған жеке парак тігіледі;

екінші бөлімге жазаны орындау процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты сипаттамалық, әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсететін материалдар тігіледі. Барлық құжаттар хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп, тізімдемеге енгізілуі тиіс.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Сотталған жазаны өтеуден жалтарған кезде, Пробацация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасы ҚК-нің 43-бабының 2-бөлігіне сәйкес қоғамдық жұмыстарды қамаумен ауыстыру туралы ұсынымды осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жібереді.";

32-тармақ алынып тасталсын;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарған не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап үш ай бойы жұмысқа орналаспаған сотталғанға қатысты Пробацация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде қылмыстық қылықтары үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамауға алумен, ал қылмыс үшін тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынымды осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жолдайды.";

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Егер ұйымдардың лауазымды тұлғалары Пробацация қызметінің ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаса, Пробацация қызметінің сот үкімін орындау жөніндегі талаптарын елемесе, Пробацация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде материалдарды сотқа дейінгі тергеуді бастау туралы мәселені шешу үшін ІІО тергеу бөліністеріне жолдайды.";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жатқандарға пробациялық бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

Сотталғанға сот жүктеген оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеу талаптарын орындауын бақылау үшін Пробация қызметі сотталғанмен бірге оның тұрғылықты жерінде болу кестесін құрады.";

78-тармақ алынып тасталсын;

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Қазақстан Республикасы ҚАК 67-бабының 2-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзған сотталғанға қатысты Пробация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жолдайды.

Бас бостандығын шектеуді ауыстыру туралы ұсынымда сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қоғамдық тәртіпті бұзуы, сол уақыт ішінде Пробация қызметіне келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қабылданғаны, оның оған тигізген әсері, сондай-ақ әкелу мен ұстаудың бар-жоғы жөніндегі нақты фактілер көрсетіледі. Ұсынымда жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы баянаты, оның өмір салты, сотталғанның түсініктемесі және басқа да құжаттар ұсынылады.";

80-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілген, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Шартты түрде сотталған адам оған сот жүктеген міндеттерді орындамаған немесе Қазақстан Республикасы ҚАК 176-бабының 1-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды қайта жасаған жағдайда, сондай-ақ ол пробациялық бақылаудан жасырынса, Пробация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау, ал кәмелетке толмаған сотталғанға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсынымды осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жолдайды.

Ұсынымға шартты түрде сотталған адамның жұмыс орнынан, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен берілген мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің шартты түрде сотталған адамның мінез-құлқы, оның өмір салты туралы баянаты, шартты түрде сотталған адамның түсініктемелері және басқа да құжаттар қоса тіркеледі.";

89-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілген, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

8-параграф тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-параграф. Постпенитенциарлық пробацияға жататын адамдармен жұмысты ұйымдастыру";

93, 94 және 95-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Пенитенциарлықтан кейінгі пробация:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын, өзіне сот әкімшілік қадағалау белгілеген;

3) Қазақстан Республикасы ҚК-нің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған;

4) Қазақстан Республикасы ҚК-нің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру айыппұлға ауыстырылған;

5) сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеген адамға қатысты қолданылады.

94. Пробация қызметі:

1) жергілікті полиция қызметінен сотпен әкімшілік қадағалау белгіленген және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға арналған соттың қаулысының көшірмесін алғаннан кейін оны өз есебіне қояды;

2) есепке алынған адамның денсаулық жағдайы, білім деңгейі, жұмыспен қамту, тұрғылықты мекенжайының бар-жоғын айқындай отырып, оның жеке басын зерделейді, сондай-ақ оған берілетін әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін анықтау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

3) адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібін түсіндіреді.

95. Сот тағайындаған бас бостандығынан айыру мерзімін өтеген адамға қатысты постпенитенциарлық пробация оның бастамашылық етуімен пробация қызметіне өтініш беруі арқылы жүзеге асырылады.

Бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау Қазақстан Республикасы ҚК-нің 44-бабы және Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 69-бабының қағидалары бойынша белгіленеді.";

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"97. Сотталған босатылған күні қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне босатылған күнін көрсете отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы сот қаулысының көшірмесін жолдайды

Пробация қызметі сотталған келген соң үш жұмыс күні ішінде оны есепке алуға, босатылған орны бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен оны сипаттайтын материалдарды сұратады және одан әрі оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады."

104-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"104. Егер сотталған баласынан бас тартса, не баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, не бақылаудан жалтарса, немесе екі рет жазбаша ескертуден кейін қоғамдық тәртіпті бұзуды жалғастырса, Пробация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде

сотталғанның тұрғылықты жері бойынша жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою және сотталғанды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсынымды осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа енгізеді. Ұсынымға жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы сот шешімінің көшірмесі және сотталғанның баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, басқа да құжаттар қоса беріледі.

Жазаны орындаудың кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген не жүктілігі үзілген жағдайларда (Қазақстан Республикасы ҚК 74-бабының 3-бөлігі) оны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы мәселелерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабының 10) тармақшасына сәйкес сотталғанның тұрғылықты жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сот шешеді.";

10-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-параграф. Сотқа дейінгі пробация бойынша жұмысты ұйымдастыру";

107-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"107. Күдікті, айыпталушы ретінде тану туралы қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған, пробация қызметіне оларға қатысты сотқа дейінгі пробацияны және сотқа дейінгі баяндаманы жасау үшін жүгінген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдіктілер, айыпталушылар сотқа дейінгі пробация есебінде тұрады.

Сотқа дейінгі пробация мынадай күдіктілерге, айыпталушыларға:

1) кәмелетке толмағандарға;

2) мүгедектерге;

3) әйелдерге:

елу сегіз жастағы және одан асқан әйелдерге;

жүкті әйелдерге;

үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге;

4) ерлерге:

алпыс үш жастағы және одан асқан ерлерге;

үш жасқа дейінгі жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге қатысты ерікті негізде қолданылады.

Сотқа дейінгі пробация осы тармақтың 2-бөлігінде көрсетілген адамдар жазбаша өтініш жасаған күннен бастап жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда пробация қызметі сотқа дейінгі пробацияны тоқтатады.";

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"108. Күдіктінің, айыпталушының немесе оның адвокаты, заңды өкілі пробация қызметіне оны күдікті, айыпталушы ретінде тану туралы қаулысы көшірмесімен келген жағдайда, Пробация қызметінің қызметкері:

1) өзіне қатысты пробация қолданылатын адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын, сондай-ақ оған әлеуметтік-құқықтық көмек ұсынудың көлемін айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

2) пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды;

3) әлеуметтік-құқықтық көмек алуды ұсыну және одан бас тарту тәртібін түсіндіреді, оны алуға жәрдемдеседі;

4) күдіктіге, айыпталушыға қатысты сотқа дейінгі баяндаманы дайындауды жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 108-1-тармақпен толықтырылсын:

"108-1. Пробация қызметі осы Қағидаға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот талқылауы басталғанға дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдікті, айыпталушы адамға сотқа дейінгі баяндаманы екі данада жасайды. Бір дана күдіктіге, айыпталушыға немесе оның адвокатына, заңды өкіліне қол қойғызып беріледі, екінші данасы күдіктінің, айыпталушының жинақтау ісіне тігіледі. Сотқа дейінгі баяндаманы бергеннен кейін күдікті, айыпталушы Пробация қызметінің есебінен алынады.";

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"110. Пробация қызметі:

1) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандармен ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің, қажет болған жағдайда – психолог немесе ұстаздың қатысуымен, алғашқы профилактикалық сипаттағы әңгімелер жүргізеді;

жазаны өтеу шарттарын және тәртібін түсіндіреді;

кәмелетке толмағанның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ететін адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді нақтылайды.

Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, жүргізілген әңгімелесу нәтижесінде анықтама толтырылып, кәмелетке толмағандардың жеке немесе бақылау ісіне тігіледі. Қолхатта және әңгімелесу анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе әңгімелесу жүргізу кезінде қатысқан адамның қолы болуы тиіс;

2) кәмелетке толмағанды тіркеген күні бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрған адамның жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне, сондай-ақ әскери басқарманың жергілікті органына (әскерге шақырылуға жататын жасөспірімдерге қатысты) осы Қағидаға 42, 27-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды;

3) іздестіруде жүрген кәмелетке толмағандар ұсталған кезде, сұрау жүргізу және жазасын өтеуден жалтаруына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін дереу ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін шақыртады;

